

1. Барсукова Н.В. Білім және туризмдегі инновациялар: STEM білім беру табыс кілті ретінде // Journal of Education and Economics.- 2020. – С. 55-64.
2. Кравченко М.А. Туризмдегі технологиялар: цифрландыру және инновациялық тәсілдер. - Мәскеу: Экономика және өмір, 2018.
3. Гончаров В.Ю., Дмитриева И.П. Туризмдегі жүйелер мен технологиялар: болашаққа көзқарас // Туризм және ақпараттық технологиялар журналы. – 2021. – С. 77-91.
4. Захарова О.С. Туризм индустриясы үшін мамандарды даярлаудағы STEM білім берудің рөлі // Білім беру мәселелері. – 2019. – С. 45-51.
5. Кузнецов Д.В. Туризмдегі цифрландыру: үрдістер, мүмкіндіктер мен қиындықтар. - Санкт-Петербург: Науа, 2019.

ӘӨЖ 1174

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кадирбаева Д.А., Ербол Досжан

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

The article examines the key features of the updated educational program in developing students' functional literacy. The updated program introduces a competency-based approach to structuring educational content, aiming to foster students' life skills, critical thinking abilities, creativity, and practical problem-solving competencies. The importance of interaction between students and teachers in developing functional literacy is emphasized, and effective pedagogical methods are proposed. The article integrates theoretical and practical aspects, offering approaches to modernizing the educational process in line with contemporary demands.

Мақалада білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері қарастырылды. Жаңартылған бағдарлама білім мазмұнын құруда құзыреттілікке негізделген тәсілді ұсына отырып, оқушылардың өмірлік дағдыларын, сыни ойлау қабілеттерін, шығармашылық және практикалық мәселелерді шешу біліктіліктерін қалыптастыруды мақсат етті. Функционалды сауаттылықты дамытуда оқушымен мұғалім арасындағы өзара әрекеттестіктің маңыздылығы атап өтіліп, тиімді педагогикалық тәсілдер ұсынылды. Мақалада теориялық және практикалық аспектілер үйлестіріліп, білім беру үрдісін жаңғыртудың қазіргі заман талаптарына сай келетін жолдары ұсынылған.

Кілт сөздер: Функционалды сауаттылық, білім беру жүйесі, оқушылардың тұлғалық дамуы, кәсіби бағдар, инклюзивтілік, шығармашылық қабілет, сыни ойлау, әлеуметтік жауапкершілік.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Мақалада білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамыту арқылы олардың заманауи өмір талаптарына бейімделуін қамтамасыз ету мақсаты қойылған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы арқылы оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық қабілет, өздігінен шешім қабылдау және практикалық дағдыларын дамыту көзделген.

Зерттеу әдістері мен материалдары. Зерттеуде теориялық талдау, жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұнын зерттеу, салыстырмалы талдау, педагогикалық тәжірибелерді жинақтау әдістері қолданылған. Материал ретінде жаңартылған бағдарлама бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, оқу жоспарлары, мұғалімдердің тәжірибелері мен функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталған оқу құралдары пайдаланылған.

Қазіргі кезде географияны оқыту әдістемесіндегі ғылыми зерттеулердің басты бағыты географиялық орта білім беруді модернизациялау, жалпы білім беретін мекемелердегі оқу үрдісін жетілдіру және де осы мекемелерге география пәнінің мұғалімін дайындау болып табылады. Географияны оқыту әдістемесінің өзекті сұрақтарына жалпы білім беретін орта мектептердегі география пәнінің орны, мектеп географиясының концепциясы, мектеп географиясы курсының құрылымы, пәннің құрылымы мен мазмұнындағы оқытудың мәселелерін зерттеу әдістері, педагогикалық сараптама, оның түрлері жатады.

Қазіргі қазақ мектебін жаңарту тұжырымдамасы жалпы білім берудің жаңа басымдылығын анықтады, оның болжамы бойынша, оқыту үрдісі үлгісінің қалыптасуы мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім ынтымақтастығының қарым-қатынасы негізінде дамуы іске асады, әр түрлі оқыту әдісінің үйлесімді келісуі, түрлі оқыту іс әрекетін қолдануды қамтамасыз етеді. Осы құндылықтардың барлығы жаңа буын мектептерінде географиядан білім берудің даму негізін құрайды. Мектептің әр сатысындағы географияны оқытудағы білім- тәрбие мақсаты, мазмұн құрылымын іріктеу принципі-басты басымдық болып табылады.

Функционалды сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдірді.

Базалық сауаттылық - мектеп қабырғасында қалыптасатын, болашақта өзін-өзі дамытуды, адамның сауаттылық деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін сауаттылықтың негізгі деңгейі. Ал функционалды сауаттылық - тұлғалық құзыреттіліктерді пайдалануға мүмкіндік беретін жоғары сауаттылық деңгейін сипаттайтын ұғым.

Сауаттылық ұғымы - дәстүрлі түрде жеке тұлғаның грамматикалық нормаларға сай оқу мен жазу дағдыларын игеру дәрежесі. Ұлттың мінез-құлқына сай - бірден-бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік-мәдени дамуының бет-бейнесі. Сауаттылық ұғымының мазмұны тарихи тұрғыда қоғамдық талаптар мен индивидке қойылатын талаптардың ең төменгі шектік деңгейінің өзгеруіне байланысты өзгеріске ұшырады.

1969 жылы қыркүйек айында Тегеран қаласында өткен сауатсыздықты жою бойынша ағарту саласы министрлерінің Дүниежүзілік конгресінде алғаш рет «функционалды сауаттылық» термині енгізілді.

1970 жылдардың ортасына дейін функционалды сауаттылық ұғымы адамдардың кәсіби қызметімен байланысты болды. Уақыт өте келе ғана ғылымда бұл ұғым жан-жақты зерттеле бастады. Функционалды сауаттылық компьютерлік сауаттылықты, саяси, экономикалық сауаттылықты және әр түрлі қамтитын әмбебап әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылды [1].

М.А.Холодная еңбектерінде жалпы білім беру процесін реформалауда екі базалық ұғымды анықтауға болатындығы айтылған. Олар құзыреттілік және функционалды сауаттылық ұғымдары екенін атап өтті. Аталған ұғымдар оқытудың нәтижесі және білім мазмұны бағдары ретінде қарастырылады. Ол нәтижелер оқу әрекетінде, ақпараттық қолдануда, шығармашылық іс-әрекетте, жетістікте, еңбек әрекеттері нәтижелерінде көрініс табатынын қарастырды [2].

Функционалды сауаттылыққа қол жеткізген оқушылар білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған. Негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалды сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек деп есептеледі.

В.А.Кан-Каликтің пікірі бойынша, білім алушылармен қарым-қатынас жасай біліп, шығармашылық қызметті, қарым-қатынасты мақсатты түрде ұйымдастыры алуы керек. Осындай басқара білу коммуникативтік дағдыларын меңгеруі қажет [4]. Сауаттылық санмен қатар оқытудың негізгі құралы болып табылады. Олардың екеуі де жоғары дәрежелі зияткерлік және практикалық дағдылар үшін маңызды мүмкіндіктер болып табылады. Мұның дәлелі 21 ғасырға қажетті дифференциалды біліктілік талаптары туралы әлемнің түкпір-түкпірінен келген бірқатар үкіметтік және басқа есептерден табуға болады. Сауаттылықтың инструменталистік тұрғыдан алғанда неше түрлі формалары болғанымен, ең маңыздысы "жоғары дәрежелі" сауаттылық, атап айтқанда, сыни сауаттылық болып табылады. Бұл солай, өйткені сауаттылықтың бұл деңгейі проблемаларды шешу құзыреттілігінің қажетті алғышарты болып табылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы батыстық білім беру бағдарламасы білім мен пәндік дағдыларды меңгеруден гөрі білім алушыларды өмір бойы білім алушылардың өзін-өзі басқаруына дайындау туралы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, сауаттылықтың мектепті бітіргеннен кейін "аяқталмай", кейінгі өмірге ауысуы маңызды. Бұл сауаттылықты оқытудың белгілі бір түрін білдіреді, ол негізгі дағдыларды оқытуды да, сауаттылықты меңгеруде өзін-өзі бағыттау әдеттерін ынталандыруды да қамтиды.

Саналы шешім қабылдауға ықпал ету үшін білім алушылардың өз әрекеттерінің ықтимал салдарын түсінуі өте маңызды. Дәстүрлі түрде себептілік туралы түсініктің артуы білім алушылардың тандауын жақсартуға әкеледі деген болжам жасалды. Детерминизмнің бұл моделі адамның мінез-құлқына әсер ететін көп бағытты әсерлерге және адамның мінез-құлқының көп бөлігі реактивті болатындығына баса назар аударады. Соған қарамастан себептілікті жақсырақ түсіну нәтижені жақсырақ болжауға әкелетін сияқты және бұл әртүрлі салаларда шешім қабылдау дағдыларын үйрету үшін ғылыми тұжырымдамаларды түсінуді қолдануға болатын сала. Функционалды сауаттылықты қалыптастыру күрделі, көп қырлы, ұзақ мерзімді процесс. Әртүрлі заманауи педагогикалық технологияларды шебер де сауатты үйлестіре отырып, сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда күнделікті жүйелі жұмыс арқылы ғана қалаған нәтижеге қол жеткізуге болады. **Функционалды сауаттылықты қалыптастыру** - білім берудің адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық салаларында белсене араласуы және өмір бойы білім алуына негіз

салу, заман ағымына ілесе алатын, меңгерген білімін күнделікті тұрмыс тіршілікте өз керегіне жаратып, өмірге дайын болу.

Сапалы білім алу үшін функционалды сауаттылықтың артықшылықтары:

- Жақсартылған академиялық нәтижелер: Функционалды сауатты оқушы академиялық деңгейде жақсы нәтиже көрсетеді, өйткені олар әртүрлі көздерден алынған ақпаратты тиімді түсініп, пайдалана алады.

- Жұмысқа қабілеттілікті арттыру: Қазіргі экономикада функционалды сауаттылық жұмысқа орналасудың міндетті шарты болып табылады, өйткені жұмыс берушілер проблемаларды шешу, шешім қабылдау және коммуникация дағдылары бар қызметкерлерді іздейді.

- Азаматтық қатысу: Функционалды сауатты азаматтар негізделген шешімдер қабылдай алады, қоғамдық пікірталастарға қатыса алады және негізделген пікірлерді қалыптастыра алады.

- Жеке тиімділікті арттыру: Функционалды сауаттылық жеке тиімділікті жақсартады, себебі ол адамдарға өз уақытын және қаржысын басқаруға, сондай-ақ мәселелерді шешуге және өз мақсаттарына жетуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік бірігу: Функционалды сауатты қоғамдар ұйымшыл, өйткені адамдар бір-бірімен араласып, әртүрлі көзқарастарды түсіне алады.

Зерттеулер көрсеткендей, балалар көбінесе әлеуметтік ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының тұжырымдамалары мен сөздік қорларын оқу арқылы жақсы меңгереді және олардың мазмұнын жеке оқытқаннан гөрі ұзақ есте сақтайды, сондықтан білім алушылар географиялық сауаттылықты мектеп бағдарламасы негізінде үйреніп, меңгерулері қажет. Білім алушылардың географиялық білімін нақытлау мақсатында - географиялық ұғымдар туралы сыни тұрғыдан ойлана білу, ойлай білу, географиялық мәселелерді шеше білу сияқты дағдыларын қалыптасыту керек. Бұл нысан бірегей іс-шаралар, сабақтар, экскурсиялар, сабақтар және жеке зертханалық сессиялар арқылы ұйымдастырылады.

Географиялық объектілердің көптүрлілігіне байланысты сабақ мазмұнын жүзеге асыру, функционалды сауаттылықты дамыту және қалыптастыру оқу нәтижелерін жобалау, бағдарламалау, енгізу және талдаудың әдістемелік процестері жүйесінде ұғымдардың сәйкес құрылымын қажет етеді. Географиялық білім берудің технологиялық мазмұнын жүзеге асыру барысында функционалды сауаттылықтың білім беру деңгейінің анықтайтын географияны оқытудың тиімді әдістерінің негізгі әдістемелік компоненттерінің жалпы білім беру анықтамасы қалыптасты. Оның қалыптасуы негізінен географияны пән ретінде оқытудың мақсаттарын және оны білім берудің барлық кезеңдерінде оқу бағдарламаларына енгізу нәтижелерін, сонымен қатар оның потенциалды мазмұнын, әдістерін, құралдарын, формаларын, оқу-тәрбие және бақылау қызметін қамтиды. География сабағында тиімді құрылымдық технологияларды қолдану дидактиканы жоғарылатады оқыту – оқытудың позициясы, күрделі пәнді оқыту, оқыту туралы ғылымды, тәрбие жұмысының стратегияларын, тактикасын, әдістері мен формаларын қамтиды. . Ол үшін мұғалімнің оқытудың негізгі принциптерін, әдістер мен құралдарды жобалау және талдауды біліп қана қоймай, оқу-тәрбие процесін бәсеңдетпей, соңғы жетістіктерді қолдануы маңызды.

Базалық сауаттылықтың жетіспеушілігі енді арнайы білім беру немесе түзету оқулары бағдарламаларында оқитын оқушылармен шектелмейді. Сонымен қатар, география жан-жақты білім берудің маңызды және ажырамас бөлігі ретінде танылуда.

География сабақтарын құрылымы, функционалдық сауаттылыққа арналған география сабақтарын жоспарлау кезінде келесі элементтерді ескеру маңызды:

- Сабақтың мақсаттары функционалдық сауаттылық дағдыларына қатысты сабақ мақсаттарын нақты анықтаңыз. Мысалы, оқушылар маршруттарды жоспарлау үшін карталарды пайдалануды немесе климат үлгілерін түсіну үшін графиктерді оқуды үйренуі мүмкін.

- Материалдар: карталар, графиктер, диаграммалар және мәтіндер сияқты әртүрлі материалдарды пайдаланыңыз. Материалдардың оқушылардың сауаттылық деңгейіне сәйкес келуін және өзектілігін қамтамасыз ету.

- Әрекеттер: сабаққа топтық жұмыс, рөлдік ойындар және модельдеу сияқты белсенді әрекеттерді енгізіңіз. Бұл іс-әрекеттер білім алушыларға сауаттылық дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдануға көмектеседі.

Интеграция, географияны математика, жаратылыстану және әлеуметтік зерттеулер сияқты басқа пәндермен байланыстырыңыз. Бұл білім алушыларға географияның олардың күнделікті өмірімен қалай байланысты екенін түсінуге көмектеседі.

Жаңартылған білім мазмұнында функционалдық сауаттылықты дамытудың негізгі жолдарының бірі - тиімді қолдана білген инновациялық технологиялар. Инновациялық технологиялар сабақтың қызықты және тиімді өтуін басқарып қана қоймайды, ол - білім алушылардың жан-жақты ойлауына, сыни көзқарастың қалыптасуына, бір-бірін дұрыс әрі әділ бағалауға тәрбиелейді. География сабағын өткізу әдістерін түрлендіру оқушылардың пәнге деген қызығушылығын ғана ойтып қоймай, олардың дұрыс білім алуына, жан-жақты білім алуына, ортаны дұрыс тануына өзіндік әсерін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Пискунова А.И. История педагогики и образования. От зарождения воспитания в первобытном обществе до конца XX века, 2001. – 512 с.

2 Холодная М.А. Психологическое тестирование и право личности на собственный вариант развития, 2004. – С. 66–75.

3 Холодная М.А. Психологические механизмы интеллектуальной одарённости вопросы психологии, 1993. – С. 38-44.

4 Виктор А.К. Учителю о педагогическом общении. – М., 1986. – С. 119-121.

5 <https://mindfultechnics.com/what-is-functional-literacy/>

6 <https://www.sciencedirect.com/topics/social-sciences/functional-literacy>

7 <https://www.ciiblog.in/functional-literacy-in-the-now/>